

## ПӘНГЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУДА РЕЙТИНГІЛІК ЖҮЙЕНІ ҚОЛДАНУ

### APPLICATION OF RATING SYSTEM FOR IMPLEMENTATION OF INTEREST TO A SUBJECT

**Сманов Қ.Ж.**

*Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ., Қазақстан.*

Бүгінгі таңда математика және оның әдістері ғылыми – техникалық мәселелердің шешімін табуға кеңінен қолданатын пән болып табылады. Сондықтан математика ғылымдардың ішінен ең ауқымды оқытылады.

Пәнді жоғары деңгейде меңгеру үшін, әрбір тақырыпты егжей-тегжейлі меңгерумен пара-пар. Ал бұл білімді бағалау арқылы жүзеге асырылатындығы белгілі. Бүгінде білімді бағалауда бірнеше тәсілдер қолданып келеді. Солардың ішінен рейтингілік бағалау – оқушының сабақта немесе сабақтан тыс уақытта беменділігін көтеру, пәнге қызығушылығын арттыру, яғни білім сапасын арттырумен айқындалады.

Рейтингілік жүйенің қолданылуы – пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып, оқушының жеке шығармашылық элементтерін және ойлау қабілетінің басқа да белсенділікке ықпал жасайды.

Ал бұл мына факторлармен анықталады:

- 1) Оқушының тақырыпқа деген қызығушылығы максималды, деңгейге көтеріліп, оның мүмкіндіктері анықталады;
- 2) Тақырыпты меңгеруде барлық оқушылар қамтылып, оны бақылау оқытушы мен оқушылар болады;
- 3) Оқушылар арасында бәсекелестік болып, одан шығу ойын формасында шешіледі;
- 4) Шығармашылық элементтері мен өзін-өзі бағалау элементтері дамиды;
- 5) Оқушының ой өрісі өзгеріп, оның ізденушілік қабілеті артады.

Рейтинг бойынша бағалау, оқушының баспалдақ бойымен не жоғарылауын, не төмендеуін көрсетеді.

Білімді рейтингілік жүйеде бағалаудың негізі – өтілген тақырыпты қаншалықты меңгерудің реттелуі болып табылады.

Рейтингілік жүйені енгізу үшін пәнді модульдерге бөліп, оның мақсаты және маңызды түсініктері анықталуы тиіс. Әр модуль аяқталғаннан кейін оқушыларға рейтинг баллы айтылып отырылады. Рейтингілік жүйеге мына формалар енгізілуі мүмкін: үй жұмысын орындау, ауызша жауап, есеп шығару, берсенділік, тәртібі т. б.

Модуль бойынша оқушының баллы **ағымдық бақылау** нәтижесі ретінде алынады. Оқушыға **аралық бақылау** модуль соңында қойылады. Рейтингі нәтижесі оқушыға көрнекті жерге ілініп қойылуы тиіс. Оқушы өз рейтингілік баллын салыстыру арқылы тексере алады.

Ал **қорытынды бақылау** әрбір тоқсан соңында қойылады.

Сабақта аталған бақылау формалары әр пәнге өзінің мазмұнымен анықталуы мүмкін.

Әрбір бағалау деңгейдін максималды баллы анықталып, бақылау түрлерінің қосындысы арқылы есептелінеді: Сонымен қатар «сыйақы» және «айып» баллдар жүйесі белгіленеді.

Оқушы әр модуль бойынша рейтингілік балл экранын шығарып, оның көрнекті жерге ілуі қажет.

Оқушы өзінің рейтингісімен танысып, келешекте оны жоғарылауына іс – әрекеттер жасауы тиіс.

Сыныпта рейтингілік жүйені енгізу үшін оқушыларға жадынама таратылып, онымен танысуы қажет.

Рейтингтік баллдың дәстүрлі бағаға алмастыру шкаласы:

«5» – 90%-100%

«4» – 80%-89%

«3» – 60%-89%

«2» – 60% кем

**Есінде болсын!**

Оқушы өз рейтингісін мына шығармашылық жұмыстармен көтеруге болады:

А) Математикалық газета – 10 балл;

Б) Реферат – 10 балл;

В) Кроссворд – 15 балл;

Г) Тест – 15 балл:

**«Айып баллдары»**

1) Сабақты себепсіз жібергені үшін – 10 балл;

2) Кешіккені үшін – 3 балл;

3) Жұмысты уақытылы орындамағаны үшін – 3 балл;

4) Тәртібі нашар – 5 балл

**«Сыйақы баллдар»**

1) Дәптердің ұқыптылығы – 10 балл;

2) Жұмысты ерте тапсыруы – 5 балл;

3) Сабаққа қатысуы – 5 балл.

**Математика пәнінен рейтингтік жүйенің енгізу үлгісі**  
**Рейтингтік экран**

№	Білімгердің Аты- жөні	Ағымдық бақылау					Аралық бақылау				Қорытынды бақылау			Σ	
		Іс жұмыс	Ауызша жауап	Есеп шығару	Белсенділігі	Тәртібі	Σ	Өзіндік жұмыс	Құрстық жұмыс	Жұмыс	Σ	Сабақта қатысу	Дәптер ұқыпты		Σ
1	Абдуалиев Ерлан	5	3	8	8	2	26	5	8	5	18	10	10	20	64
2	Балмаганбетова Әсел	8	5	10	10	5	38	10	9	10	29	15	13	28	95
3	Борбекова Гаухар	7	5	9	8	3	32	8	9	8	26	15	14	29	87

Кестеден байқайтынымыз білімгер Балмаганбетова Ә., Борбекова Г. Модуль бойынша жинаған баллдарына сай материалды «5» және «4» бағаға, ал Абдуалиев Е. «3» бағаға меңгерген. Келешекте Е. Абдуалиевке басқа модульдерден жоғары балл алуға ұмтылу керек. Егер де білімгер модуль бойынша «2» бағасын алса, онда қайта тапсыруда тек «3» баға қойылады. Семестр соңында барлық білімгерлердің баллдар «саналып» қорытынды бағасы анықталады. Келтірілген оқыту жүйесі «Математика» пәнін меңгеруде тиімді тәсілдердің бірі болып табылады.

**ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Лебедь И. Использование рейтинговой системы контроля знаний// «Математика» (Еженедельная Учебно методическая газета). – Москва, 2003. №33
2. Ермекбаева А. Е. Жаңа оқыту технологиялары//Қазақстан мұғалімі. – Алматы, 2007. №13